



Жоғарғы Кеңесіндегі Жеке өкіл туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1994 жылғы 4 сәуір N 1623. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.01.26. N 542 Жарлығымен. ~U010542

Қазақстан Республикасы Президентінің республика Жоғарғы Кеңесіндегі Жеке Өкілі туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы, 1994 жылғы 4 сәуір
N 1623

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1994 жылғы 4 сәуір
N 1623 Өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің республика
Жоғарғы Кеңесіндегі Жеке Өкілі туралы
Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің республика Жоғарғы Кеңесіндегі Жеке Өкілі (бұдан былай Президенттің Жеке Өкілі) Жоғарғы Кеңесте Президенттің мүддесін білдіруге және мемлекет Басшысының республиканың заң шығарушы органымен өзара байланысын жүзеге асыруға өзі арнайы уәкілдік берген лауазымды адам болып табылады.

2. Президенттің Жеке Өкілін Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады әрі мәртебесі бойынша Қазақстан Республикасының министріне теңестіріледі.

3. Президенттің Жеке Өкілі Президент алдында есеп және жауап береді.

4. Президенттің Жеке Өкілі өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, қаулыларын және өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Президенттің Жеке Өкілінің құзыры

5. Президенттің Жеке Өкіліне:

мемлекет Басшысының заң шығарушылық стратегиясы әзірленуі мен оның жүзеге асырылуын үйлестіруге;

Жоғарғы Кеңесте заң шығару процесінің жайы және онда қаралатын мәселелер туралы Президентті ұдайы хабардар етіп отыруға;

Жоғарғы Кеңестің үйлестіруші және жұмыс органдарының, депутат топтары мен фракциялардың жұмысына қатысуға;

депутаттармен ұдайы кездесу өткізіп, Президенттің айқындамасын түсіндіруге, депутаттар корпусында сөйлеген сөздер мен оның ішіндегі көңіл күйге, парламенттегі күштердің орналасуына талдау жасауға, мемлекет Басшысының саясаты жөніндегі парламентерлердің айқындамасын анықтап отыруға;

Жоғарғы Кеңесте қаралатын мәселелер жөніндегі мемлекет Басшысының айқындамасы туралы Президенттің тапсыруы бойынша Жоғарғы Кеңесті хабардар етіп тұруға;

Жоғарғы Кеңестің сессиялары мен органдарының жұмысына Президенттің қатысуы туралы оған ұсыныс енгізуге;

Президенттің Жоғарғы Кеңесте сөйлейтін сөзінің тақырыбы мен уақыты туралы Президентке ұсыныс енгізуге, сөйленетін сөздерді Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының дайындауын үйлестіруге;

заң шығарушы өкімет пен мемлекет Басшысы арасындағы қарым-қатынаста туындайтын қайшылықтарды жою, сондай-ақ Жоғарғы Кеңестің өзіндегі дағдарысты ахуалды шешу жөніндегі ұсыныстардың Президентке әзірленуін үйлестіруге;

Президенттің Жоғарғы Кеңестегі мүддесін білдіруге байланысты оның өзге де тапсырмаларын орындауға уәкілдік берілген.

6. Аталған функцияларды жүзеге асыру мақсатында Президенттің Жеке

Өкілінің:

Жоғарғы Кеңестің және оның органдарының кез келген мәжілістеріне қатысып, Жоғарғы Кеңесте таратылатын барлық құжаттар мен материалдарды алып тұруға;

қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультациялық-кеңесші органдардың мәжілістеріне қатысуға;

белгіленген үлгілер мен нысандардағы ақпаратты, анықтамаларды, құжаттар мен материалдарды мемлекеттік және басқа органдардың басшылары мен лауазымды адамдарынан сұратып алуға;

Президент пен Министрлер Кабинеті Аппараты Басшысының келісуі бойынша Президент пен Министрлер Кабинеті Аппаратының бөлімдері мен өзге де бөлімшелерінің басшыларына міндетті нұсқаулар беруге;

Қазақстан Республикасының тиісті министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары басшыларының келісуі бойынша осы органдардың басшылары мен лауазымды адамдарын Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын орындау ісіне тартуға құқығы бар.

III. Президенттің Жеке Өкілінің қызметін ұйымдастыру және оны қамтамасыз ету

7. Президенттің Жеке Өкілінің қызметін ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы Президентінің республика Жоғарғы Кеңесіндегі Жеке Өкілінің Консультанттар тобы жүзеге асырады, ол Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының дербес бөлімшесі болып табылады.

8. Консультанттар тобының қызметкерлері Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппараты туралы ережеде белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

9. Президенттің Жеке Өкілі мен оның Консультанттар тобының қызметін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратына жүктеледі.